

Дошыбеков А.Б., Ph.D., қауымдастырылған профессор
Мамаев Ш.М., магистрант
Байнұқов М.Г., магистрант
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ.

БОЛАШАҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ДЕНГЕЙІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа: Бұл мақалада болашақ дене тәрбиесі пәні мұғалімінің кәсіби деңгейін қалыптастырудың теориялық негіздеу қарастырылған. «Әдістеме» және «кәсіби құзыреттілік», «Болашақ дене тәрбиесі мұғалімінің кәсіби деңгейін қалыптастыру» ұғымдарының мәнін ашуға тырысқан. Құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады.

Кілт сөздер: дене тәрбиесі, кәсіби құзыреттілік, әдістеме, болашақ дене тәрбиесі мұғалімі, жаттықтырушы.

Doshybekov A.B., Ph.D., assistant professor
Mamaev Sh. M., undergraduate
Baynukov M. G., undergraduate
Kazakh Academy of Tourism and Sports, Almaty

THEORETICAL FOUNDATIONS OF THE FORMATION OF THE PROFESSIONAL LEVEL OF THE FUTURE TEACHER OF PHYSICAL EDUCATION

Abstract: This article discusses the theoretical justification of the formation of the professional level of the future teacher of physical culture. She tried to reveal the essence of the concepts of "methodology" and "professional competence", "formation of the professional level of the future teacher of physical culture". Competence can be understood as the ability of the modern pedagogical community to self- change

Keywords: physical culture, professional competence, methodology, future physical education teacher, coach

Зерттеу көкейкестілігі. Қоғамдық қарым-қатынастардың өзгеруі, жаңа білімнің жинақталуы, өндірістің жетілдірілуі, әлемдік білім кеңістігіне енуіміз - жоғары, кәсіби білім беретін оқу орындарының алдына бәсекеге қабілетті білікті мамандар дайындау үшін адамның құзырлық қабілеттерін қалыптастыруды талап етеді. Себебі жаңа формация мұғалімдері кәсіби тұрғыда қалыптастыруы тиіс. Қазіргі кезеңде мектептегі жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы болмысы жоғары оқу орындары даярлайтын болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығына байланысты. Дене тәрбиесі пәні мұғалімінің кәсіби деңгейінің қалыптасуы – жас ұрпаққа қоғам міндеттеп отырған талаптарға жауап беретіндей тәрбие мен білім беру. Сол себепті болашақ дене тәрбиесі пәні мұғалімдерін кәсіби дамыту мен құзырлықтарын қалыптастыру ол бүгінгі біздің алдымызда тұрған міндеттердің бірі.

Зерттеу мақсаты. Болашақ дене тәрбиесі пәні мұғалімінің кәсіби деңгейін қалыптастырудың теориялық негіздеу.

Зерттеудің міндеттері: «Әдістеме» және «кәсіби құзыреттілік», «Болашақ дене тәрбиесі мұғалімінің кәсіби деңгейін қалыптастыру» ұғымдарының мәнін ұсыну.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С. Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі,

«қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері» [1].

Маманның кәсіби деңгейінің проблемасы – күрделі де көпқырлы проблема. Бұл философияда, педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кейбір білім берудің теориясы мен әдістемесінде, акмеологияда, еңбек психологиясында т.б. гуманитарлық, ғылымдарда әр қырынан қарастырылып жүр. Мәселе кешенді түрде зерттелуде. Кешенді зерттеу аталған ғылымдардың бұл проблеманы шешуден мүмкіндігінше шектеу емес, керісінше сол салалардың нәтижелерін саралай пайдалана отырып, маманның кәсіби деңгейін, оның маңызы, мазмұны, құрылымы, қалыптасуы мен дамуының, шарттылығы мен мүмкіндіктерінің тұтас сипатын педагогикалық, психологиялық тұрғыдан ашу.

«Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.


«Методикалық терминдер сөздігінде» «Құзыреттілік (латынның *competentis*-бейім сөзінен) – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген.

Орыс тілінің сөздігінде «құзыреттілік» термині «әлдекімнің жақсы хабардар болуы мәселесі төңірегінде» берілген [2].

Латынның «*compete*» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Бұл жалпы алғанда құзыреттіліктің мәнін анықтайды. Кәсіби құзыреттілік категориясын айқындау үшін оларды әр түрге айналдыру, нақтылау және жалпы логикалық ұғымға біріктіруді жүзеге асыру керек.

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н.Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер ұғымын берген [3].

Педагогика ғылымдарының докторы К.С.Құдайбергенова «Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі» атты монографиялық еңбегінде «құзырлылық» ұғымының категория ретіндегі теориялық-әдіснамалық негізіне тереңінен тоқталады. Білім беру нәтижелеріне қойылған жаңа талаптарға жауап беруші «құзырлылық» ұғымы тікелей философия жетістіктерімен ұштастырылып, батыс педагогикасына сай ендірілгенін айта келіп, «құзырлылық» ұғымдарының эволюциялық дамуын жинақтап, талдап көрсетеді. Соңғы жылдары ғылыми педагогикалық әдебиеттерде білім берудегі құзырлылық амалына байланысты көтеріліп отырған мәселелер жеткілікті. Ал практика жүзінде құзырлылықты біреулер біліп, біреулер естіп, біреулер түсініп жүзеге асыруда [4].



1-сызба – құзырлылық педагогикалық категория ретіндегі үлгісі

Осы айтылғандарды жинақтай отырып, құзырлылық ұғымының педагогикалық категория ретінде орнын С.К.Құдайбергенова төмендегідей үлгіде, 1-2 сызбалар түрінде береді [5].

Құзырлылықтың педагогикалық категория ретіндегі орны әдіснамалық зерттеулерді басқару, тұлға, мәдениет, қызмет, даму, әлеуметтік орта технологиялары негізінде ашылатындығын көрсетеді. Яғни, басқару теориясының негізінде – құқық, билік; тұлға теориясының негізінде-жеке тұлғалардың кіріктірілген сипаттамасы; мәдениет– жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті; әлеуметтік орта теориясы –сырт талаптарына сай болу дәрежесі; қызмет теориясы– білім мен ситуация арасындағы байланысты қалыптастыру қабілеті; даму теориясы– өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі құзырлылық бірлігі (матрицасы) болып табылады құзырлылық ұғымын зерттеу бағдары.

Сонымен, құзыр әр түрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі. Құзырлылық адамның өзіндік

И.А.Зимняя еңбектерінде құзырлылық құзырдың өзекті түрде көрінуі, құзыр ішікі әлеует, психологиялық жаңа түзілім (әрекет бағдарламалары, құндылық жүйелері және қатынастар) ретінде адамның құзырлылығында байқалды делінген. «Құзыр» мазмұндық бөлімін құрамдас бөлігі, «құзырлылық» ұғымы мазмұнды бірлік, яғни құзырлылық құзырға қатысты жинақтаушы ұғым болып табылады деген бекімге тоқталады. Сонымен қатар түйінді құзырдың келесі түрлерін: адамның тұлғалық, субъектілік қызметіне қатысты; адамның әлеуметтік өзара байланысына және әлеуметтік ортасына қатысты; адамның қызметіне қатысты жіктеп көрсетеді:

1) саяси және әлеуметтік құзыр – бұл шешім қабылдау жауапкершілігі, топтық шешімге қатысуы, шиеленісті зорлық-зомбылықсыз шешу, демократиялық институттардың жақсаруын қолдауға қатысу қабілеттілігі;

2) көпмәдениетті қоғам өмірімен байланысты құзырлар – бұл нәсілшілдіктің, шыдамсыздықтың, аяусыздықтың бет алуын бақылау үшін қажет, яғни білімнің міндеті жастарды «ақ» пен «қараның» айырмасын ажырата білу, тілі, діні, мәдениеті басқа адамдармен өмір сүру қабілеттері бар мәдениетаралық құзырлармен қамтамасыз ету;

3) әлеуметтік өмір мен қызметі үшін қажетті ауызша және жазбаша байланысты меңгеруіне қатысты құзырлар;

4) қоғамның ақпараттық ағымына байланысты құзырлар, яғни ақпараттық технологияларды меңгеру, не үшін қажеттігін түсіну, оның ұтымды, әлсіз жақтарын және жалпы баспа беттері мен жарнамалар арқылы таратылатын ақпаратқа сыни тұрғыдан байымдау қабілеттілігі;

5) тікелей өзінің кәсіби және әлеуметтік өміріне қатысты үздіксіз білім негізінде өмір бойы оқу қабілеттілігі [6].

К.С.Құдайбергенова И.А.Зимняяның зерттеулеріндегі құзырларды түйінді, кәсіби және пәндік, әлеуметтік деп үш топқа топтастыруға болатындығын төмендегідей көрсетеміз:

- Түйінді құзыр – адамның ортадағы қалыпты өмір сүруін қамтамсыз ететін жинақталған негізгі құзыр;

- Кәсіби және пәндік құзыр – адамның қызметі барысында қалыптасатын және көрінетін құзырлары;

- Әлеуметтік құзыр – адамның қоғамдағы, ортадағы басқа адамдармен өзара байланысын сипаттаушы құзыры.

Психологтардың (А.С.Чернышев, А.С.Крикунов) пікірлеріне сүйенетін болсақ, тұлғаның ұжымға енуі тұлғаның топтағы әлеуметтік психологиялық сипатын көрсетеді.

Сонымен, **құзырлылық** – білім беру жүйесінің сапалық көрсеткіші деген қорытынды көп сатылы, көп құрылымды **бағалау жүйесінің негізі** диагностикалық инструментарийлерін – параметрлері ретінде құзырлылықтың сапалық бағыттарын, нәтиженің сандық белгілерін айқындаушы индикаторларды біріктіреді. **Құзырлылық – оқыту сапасын арттырудың кепілі.**

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушылар ұстаздар қауымынан тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы; жедел шешім қабылдаушы; ерекше ұйымдастырушылық қабілетті; нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезуіне үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады: бағдарлы құзыреттілік; мәдениеттанымдық құзыреттілік; оқу- танымдық құзыреттілік; коммуникативтік құзыреттілік; ақпараттық-технологиялық құзыреттілік; әлеуметтік- еңбек құзыреттілігі; тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ожегов С.И., Шведова И.Ю. Толковый словарь русского языка. М.: Язь, 1994. -921 б.
2. Қазақ тілі терминдерінің сапалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология /Жалпы ред. Басқарған А.Қ.Құсайынов.- Алматы: «Мектеп» баспасы, ЖАҚ, 1989. – 271 б.
3. Қазақша-орысша сөздік:50000 жуық сөз. Ред.басқарған Р.Ф.Сыздықова, К.Ш.Хұсайын. - Алматы. Дайк-пресс, 2002. – 1008 б.
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі, - Алматы. - 2008. (76-89 б., 121-122 б.).
5. Зимняя И.А. Компетентностный подход в образовании (методолого-теоретический аспект). Проблемы качества образования /И.А.Зимняя. – М. – Уфа: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. - С. 34-38.

Мельникова Ю.А., кандидат педагогических наук., доцент

Таламова И.Г., кандидат биологических наук, доцент

ФГБОУ ВО Сибирский государственный университет физической культуры и спорта, г. Омск

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФИЗИЧЕСКИХ СРЕДСТВ ВОССТАНОВЛЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ФИЗКУЛЬТУРНО-СПОРТИВНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ

Аннотация: Восстановление работоспособности и нормального функционирования организма спортсменов различной квалификации после соревновательных нагрузок является неотъемлемой частью системы организации и проведения физкультурных и спортивных мероприятий. Выбор средств восстановления определяется характером и особенностями соревновательной деятельности, функциональными особенностями спортсменов. Обоснована структура и содержание восстановительных мероприятий после массовых физкультурных мероприятий и соревнований на примере проведения Сибирского Международного марафона.

Ключевые слова: физическая культура, спорт, физкультурное мероприятие, спортивное соревнование, физические средства восстановления, спортсмен.